



ARDOR GAMING
Combo ойын жинағы
(Damage + Fury + кілемше)

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

Құрметті сатып алушы!

Сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің командамыз Сіздің компьютер ойындарына деген құштарлығыңызбен толығымен бөліседі, сондықтан Сіздің ойын тәжірибеңіз геймерлерге арналған аксессуарларымызбен неғұрлым ұмытылмас бола түсуі үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жеңістер мен ең жарқын әсерлер тілейміз!

Сымды пернетақта — бұл белгілі бір ретпен орналастырылған пернелер жинағынан тұратын енгізу құрылғысы.

Сымды тінтуір – курсормен басқаруға және компьютерге әртүрлі командалар беруге арналған құрылғы.

Техникалық сипаттамалары

СЫМДЫ ПЕРНЕТАҚТА

- Үлгісі: Damage.
- Сауда белгісі: ARDOR GAMING.
- Типі: ойын пернетақтасы.
- Пернетақталар механизмі: мембраналық.
- Батырмаларының жалпы саны: 104.
- Anti-Ghosting-тің 19 түймесі.
- Қызмет мерзімі: 5 миллион басуға дейін.
- Жарығы: Rainbow.
- Жарықтандыру режимдері: 9 режим, соның ішінде Sound-Reflecting Light.
- Мультимедиялық функциялар: 12 функция.
- Кабель: 1,5 м, орағышта.
- Дайындау материалы: металл/пластик.
- Үйлесімділік: Windows, macOS.
- Пернетақта габариттері: 463 × 190 × 27 мм.
- Пернетақта салмағы: 945 г.

СЫМДЫ ТІНТУІР

- Үлгісі: Fury.
- Оптикалық жарықдиодты сенсор: PixArt PMW3327.
- DPI режимдері: 400–800–1200–2400–3200–5000 DPI (макс. 12400).
- Үдеу: 30 G.
- Қадағалаудың макс. жылдамдығы: 220 IPS.
- Сұрату жиілігі: 1000 Гц.
- Ажыратып-қосқыштар: Huano blue shell, 20 миллионға басуға дейін.
- Жарығы: RGB.
- Дайындау материалы: пластик.
- Кабель: 1,8 м, берік торламада.
- Салмағы: 95 г.

КІЛЕМШЕ

- Үлгісі: GM-L Beast 2.
- Типі: ойын.
- Ұзындығы: 400 мм.
- Ені: 300 мм.
- Қалыңдығы: 2 мм.
- Төсемнің материалы: кеуекті резеңке.
- Жабының материалы: трикотаж мата.
- Шеттерін өңдеу: оверлок.

ARDOR GAMING Combo жиынтығы (AG-Ao Damage and Fury) + кілемше

- ARDOR GAMING Damage сымды пернетақта.
- ARDOR GAMING Fury сымды тінтуір.
- ARDOR GAMING GM-L Beast 2 ойын кілемше.

Сақтық шаралары

- Құрылғы құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.
- Қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін құрылғының кез келген сұйықтықтармен түйісуіне жол бермеңіз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық ыдыстарды қоймаңыз.
- Құрылғыны электромагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы егер олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларды бақылаған жағдайларды қоспағанда, балаларға және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі тұлғаларға қолдануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Пернелердің қысқартылған атауларының толық жазылуы*

PS: Print Screen.

SL: Scroll Lock.

PB: Pause/Break.

INS: Insert.

HM: Home.

PU: Page Up.

DEL: Delete.

PD: Page Down.

NUM: Num Lock.

* Топтаманың барлық үлгілерінде бола бермейді.

Пернелердің жарықтандырылу типтерін ауыстырып-қосу


Сіздің жаңа пернетақтаңызда жарықтандырудың көптеген бірегей режимдері бар. Сізге жарықтандырудың қандай типі қажет болғанына байланысты Сіз, ретімен **FN+1/2/3/4/5/6/7/8/9** пернелерін басып, оларды ауыстырып-қоса аласыз.

Пернелердің жарықтандырылу жарықтығын реттеу

Кез келген режимде болғанда:

- Жарықтандыру жарықтығының деңгейін арттыру үшін **FN+PU** пернелер тіркесімін басыңыз.
- Жарықтандыру жарықтығының деңгейін азайту үшін **FN+PD** пернелер тіркесімін басыңыз.

WINDOWS () пернесін бұғаттау

Қажет болса, осы пернені бұғаттау үшін **FN+ ** пернелер тіркесімін басыңыз және оны бұғаттан шығару үшін басуды қайталаңыз.

Мультимедиа түймелер

Сіз әуен дыбысының қаттылығын/ойнатылуын бақылай аласыз, сонымен қатар пошта, браузер мен калькулятор сияқты қолданбаларды жылдам аша аласыз. Бұл үшін **FN+F1/F2/F3/F4/F5/F6/F7/F8/F9/F10/F11/F12** пернелер тіркесімін пайдаланыңыз (**F** пернелері тиісті таңбашалармен белгіленген).

Сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда авторизацияланған сервистік орталыққа дереу жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Шангуй Электроникс Ко., Лтд.

№ 7, 7-ші көше, Иньчэн тас жолы, Сябянь ауылы, Чанъань, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.